

«Әскери коммунизм» СЯСАТЫ



Қарастырылатын тақырыптар

- 1. «Әскери коммунизм» саясатының сипаты
- 2. Саясаттың өнеркәсіпке тегізген әсері
- 3. «Әскери коммунизм» саясатының салдары
- 4. Астық өнімдірінің азаюы
- 5. Өлке үшін ауыр кезең
- 6. 1921 – 1922 жылдардағы аштық
- 7. «Әскери коммунизм» саясатының экономикалық салдары

- Азамат соғысы жылдарындағы қалыптасқан қиындықтармен байланысты Кеңес өкіметі 1918 жылдың орта кезінде елдегі барлық материалдық ресурстармен, адам күштерін барынша жұмылдыру, қалаларды, өнеркәсіп жұмысшыларын, Қызыл Армияны азық-түлікпен қамтамасыз ету, елде қатал еңбек тәртібін орнату мақсатында «әскери коммунизм» саясатын енгізді. Бұл төтенше саясат экономикалық күйзеліс, Кеңес мемлекетін шетел интервенттері мен ішкі жаулардан қорғаудың қажеттілігінен туған еді. «Әскери коммунизм» саясаты негізінде азақ-түлік мәселесін шешу үшін төтенше шара азық-түлік салығы енгізілді. Ол бойынша елдегі байлар мен кулактардың қолындағы тауарлы астықтың көп бөлігі ешқандай қайтарымсыз алынды, бұқара халықты азық-түлікпен бір орталықтан қамтамасыз ету көзделді, ауыл шаруашылық өнімдерін өз еркімен сатуға тиым салынды.
- «Әскери коммунизм» саясаты бойынша елде жаппай еңбек ету міндеттілігі талап етілді. Қазақстанда «әскери коммунизм» саясаты негізінде өнеркәсіпті кеңес органдарының қолына шоғырландыру, оны Қызыл Армияны қару-жарақ және жабдықтармен қамтамасыз етуге жұмылдыру шаралары жүргізілді. Бүкілре сейлік Атқару Комитетінің 1918 жылғы мамырдағы жарлығымен әскерге өз еркімен бару ісі жалпыға бірдей міндетті әскери борышты орындаумен алмастырылды. 1918 жылдың жазында өлкеде Қызыл Армияның құрамында ұлттық әскери бөлімдер құрыла бастады.

- Кеңес еліндегі сияқты Қазақстанда да азамат соғысы жағдайында ел экономикасын соғыс жағдайына ыңғайлап қайта құру және майданды азық – түлікпен қамтамасыз ету мақсатында тарихта «Әскери коммунизм» деген атпен әйгілі және уақытша сипаты болған экономикалық саясат орнады. Бұл саясаттың ең бірінші мандат нам өндірісі мен бөлісін толық орталықтандыру, еліміздің азық – түлік, шикізат және басқа ресурстарын мемлекеттің қолына жинап, қорғаныс мүдделері үшін дұрыстап пайдалану болды.
- 1919 жылы 11 қаңтарда азық – түлік қиыншылықтары бұрынғыдан да бетер шиеленісе түсіп, мемлекеттің қолындағы өнеркәсіп товарларының қоры одан әрі азайған жағдайларда Кеңес үкіметі азық – түлік салғыртын енгізу туралы декрет шығарды.
- «Әскери коммунизм» саясаты негізінде азақ-түлік мәселесін шешу үшін төтенше шара азық-түлік салығы «салғырт» енгізілді. Оның мәні: ауыл шаруашылығы өнімінің артылғанының бәрін шаруалардың мемлекетке міндетті түрде өткізуі. Ол бойынша елдегі байлар мен кулактардың қолындағы тауарлы астықтың көп бөлігі ешқандай қайтарымсыз алынды, бұқара халықты азық-түлікпен бір орталықтан қамтамасыз ету көзделді, ауыл шаруашылық өнімдерін өз еркімен сатуға тиым салынды.

Экономика көрсеткіштері

	<i>1914 жыл</i>	<i>1921 жыл</i>
<i>халық саны</i>	<i>4 млн 812 мың</i>	<i>3 млн 795 мың</i>
<i>егістік көлемі</i>	<i>3,6 млн дес</i>	<i>1,6 млн дес</i>
<i>астық шығымы</i>	<i>38,7 пұт /дес</i>	<i>18,7 пұт/дес</i>
<i>мал саны.</i>	<i>29,9 млн</i>	<i>16,7 млн</i>

Қазақстанда жүргізілу ерекшеліктері

- «Әскери коммунизм» саясатының Қазақстанда жүргізілу ерекшеліктері
- 1. Өлкенің адам және материал байлықтарын игеру күштеу әдістерімен жүргізілді
- 2. Ұсақ өндірушілер майдагерлік артельдерге біріктірілді
- 3. Жұмыс күшін есепке алу мен бөлу жүйесі енгізілді
- 4. Егістіктерді суландыру, жол салу, отын дайындау, жүк тасу жұмыстарына еңбек салығы енгізілді.
- 5. Өлкеге азық-түлік дайындауға 11500 –ге жуық жұмысшы келді.
- 4. Қазақстандағы «Әскери коммунизм» саясатының нәтижелерін оқулықтан анықтату және жаздырту.
- 5. 1921 жылғы жұт пен аштық. Қазақстандағы шаруалар толқулары.

Өнеркәсіп жағдайы(1921)

<i>кәсіпорын саны</i>	<i>307</i>
<i>оның ішінде істемегені</i>	<i>250</i>
<i>мұнай өндіру</i>	<i>4 есе азайды</i>
<i>көмір өндіру</i>	<i>5 есе азайды</i>
<i>мыс өндіру</i>	<i>мүлде тоқтады</i>

*400 мың пұт мұнай
теңізге ағызылды*



Жер-су реформасы



Қорытынды

- Азамат соғысы жылдарында енгізілген «Әскери коммунизм» жылдарында Қазақ өлкесіндегі еңбекшілер күйзеліске, ашаршылыққа қарамастан жанқиярлықпен еңбек етті.
- Қостанай уезінен 6 млн. пұт астық жиналды. Қарғалы шұға фабрикасы әскери шинельдер тігу үшін шұға дайындады. 1920 жылдың басында «Майдан апталығы» өткізіліп, мыңдаған пұт астық киім – кешек жиналды. 1920 жылы Атыраудан Орталық Россияға 600 мың пұт мұнай әкетілді.
- Майдан қажетіне әр сенбі сайын жұмыс уақытынан тыс тегін еңбек ету шешіміне сәйкес 1919 жылы сәуірде Россияда алғашқы сенбіліктер өткізілді. Семейде 500 жұмысшы сенбіліктер ұйымдастырып, паровоздарды тегін жөндеуден өткізді.
- 1919 жылы желтоқсанда Александров – Ғай – Ембі темір жол желісі салынды. Оның маңызы Орал – Ембі мұнайлы ауданын Орталық Россиямен жалғастырды. Бұдан басқа Жетісу темір жолы, Петропавл – Көкшетау темір жол желісі салынды. Маңызы: елдің ашыққан облыстарының халқын астықпен қамтамасыз етті.
- Сөйтіп, осының бәрі Қызыл Армияны ұйымдастыруға, жау басып алған облыстар мен аудандарда партизан қозғалысын өрістетуге көмектесті